**Қарағанды облысы білім департаментінің Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі» КММ Педагогикалық әдеп кеңесі отырысының**

**№5 Хаттамасы**

«27» 12 2022 ж.

**Толық атауы**: «Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі» КММ Педагогикалық әдеп кеңесі

**Орналасқан жері:** Шахтинск қаласы, Ленинградская көшесі 52А құрылысы.

**Өткізілген орны:** Ә.Бөкейханов музейі

**Қатысқандар:**

**Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері:**

1. А.Б.Жексембекова - төрайымы
2. С.А.Курмашева
3. Т.А.Оспанова
4. А.М.Уманова
5. А.Ж.Куатова
6. А.Нави
7. Р.К.Есенбаева

Хатшы – Ж.Ахмағанбетқызы

**Күн тәртібі:**

1. «Педагогтің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп». Мектеп психологы Ж.Сейтбанова

3. Педагогикалық әдепнормаларды насихаттау және нығайту, мектептегі тәртіп ережелерін сақтау. А.М.Уманова

**Тындалды:**

**1-мәселе бойынша** мектеп психолгы Ж.Сейтбанова өз баяндамасында әдептілік – ұлт психологиясының өзегі, адамгершіліктің бірегейі, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасақан қоғамдық санасының практикалық көрінісі,барлық кісілік қасиеттердің жиынтығы. Әдеп сақтау – әдептілік дәстүр. Сондықтан бала тәрбиелеу үрдісінде, ең алдымен мұғалім әдепті, тәртіпті мәдениетті болуы тиіс. Білім сапасын арттырудың тиімділігіне қарым-қатынастың ықпалы зор. Мектеп жүйесінде қарым-қатынас үрдісінің негізгі нысаны оқушы болып табылады. Сондықтан мұғалім өзінің нашар көңіл-күйін оқушыларға аудармауы керек. Осыдан барлық түсініспеушілік туындайды. Нәтижесінде оқушы мұғалімге, мұғалім оқушыға өкпелейді және кикілжің басталады. Бұның барлығы білім сапасын арттыруға кедергі жасайды.

Қорытындылай келе, мұғалім қазіргі қоғам талаптарын есеріп, өзінің алдында педагогикалық міндеттерді қоя және шеше білетін, оқыту және тәрбиенің озық тәжірибені меңгерген, білім беру процесін басқара алатын, тәжірібеде педагогикалық ситуацияларды оқушы тұлғасының дамуына

бағыттап жобалай және жүзеге асыра алатын бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға болуы қажет -деп айтып кетті.

**ШЕШІМІ:**

1. «Педагогтің кәсібі іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп баяндамасы қанағаттанарлық деп есептелсін.

Дауыс берді:

- «Иә» - 7
- «Жоқ» - 0
- «Қалыс қалды» - 0

**2-мәселе бойынша** зейнеткер ұстаз, кеңес мүшесі А.М. Уманова педагогикалық әдеп нормаларды насихаттау және нығайту, мектептегі тәртіп ережелерін сақтау туралы жас мамандарға өз ақыл кеңестерін айтып, педагогикалық тәжірибелерімен бөлісті.

**ШЕШІМІ:**

2. Қарағанды облысы білім департаментінің Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі» КММ-нің педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері және жоспары бекітілсін

Дауыс берді:

- «Иә» - 7
- «Жоқ» - 0
- «Қалыс қалды» - 0

Төрайымы А.Б.Жексембекова

Хатшы Ж.Ахмағанбетқызы